

Анарбек Асановтың атына көше атауын беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған кент әкімінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі N 1131 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 қазанда N 10-7-113 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 3 тармағын, "Қазақстан Республикасының Әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағын басшылыққа ала отырып және аудандық ономастикалық комиссиясы мәжілісінің 2010 жылғы N 2 хаттамасын орындау мақсатында **ШЕШЕМІН:**

1. Жаңақорған кентіндегі үш рет қайталанған "Илялетдинов" көшесінің бір бөлігін "Анарбек Асановтың" атындағы көше болып берілсін.
2. Осы шешім әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді, ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

КЕНТ ӘКІМІ

А. ИБРАГИМОВ